

Уақытша ұстау изоляторларында қамауда ұсталатын сезіктілер мен айыпталушылар арасында туберкулезді анықтау және оларды айдап алып жүру жөніндегі тәртіпті бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 1 маусымдағы N 384, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 30 сәуірдегі N 439 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1877. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 тамыздағы № 665 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 659 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 04.08.2015 № 665 және ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 07.08.2015 № 659 бірлескен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамыр айындағы N 3956 U983956_ Жарлығын орындау үшін

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Уақытша ұстау изоляторларында қамауда ұсталатын сезіктілер мен айыпталушылар арасында туберкулезді анықтау және оларды айдап алып жүру жөніндегі тәртіп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Медициналық басқармасы (Б.Х.Әлібеков), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Сезіктілер мен тергеу қамауындағыларды алдын ала оқшалау департаменті (М.М.Баймұхамбетов), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Емдеу-профилактикалық жұмыс департаменті (Х.А.Садин) Астана, Алматы қалаларының Ішкі істер бас басқармалары, облыстардағы ПББ-ПББ-нің, көліктегі ПББ-нің медициналық қызметтері бастықтарымен бірлесе отырып, ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында қамауда ұсталатын сезіктілер мен айыпталушылар арасында туберкулезді анықтау және оның таралуының алдын алу жөніндегі шаралар кешенін қамтамасыз етсін.

3. Астана, Алматы қалаларының Ішкі істер бас басқармалары, облыстардағы ПББ-ПББ-нің, көліктегі ПББ-нің бастықтары осы бұйрықпен бекітілген Тәртіпті сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторларында қамауда

ұстауды қамтамасыз ететін ішкі істер органдары қызметкерлерінен сынақтар қабылдау арқылы жеке құрамның оқып-үйренуін ұйымдастырсын.

4. Астана, Алматы қалаларының, облыстардағы денсаулық сақтау департаменттерінің (басқармаларының) бастықтары аумақтық ішкі істер органдарымен келісу арқылы ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында қамауда ұсталатын сезіктілер мен айыпталушыларды туберкулезге тексеруді жүргізетін медициналық мекемелерді бекітсін.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер қолбасшылығының бас басқармасы (Б.Б.Жаңасаев), Сезіктілер мен тергеу қамауындағыларды алдын ала оқшалау департаменті (М.М.Баймұхамбетов) туберкулезбен ауыратын сезіктілер мен айыпталушыларды, сотталғандарды уақытша ұстау изоляторларынан, тергеу изоляторларынан, сотқа, алмасу пункттеріне айдап алып жүруді Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрлігінің 1999 жылғы 26 наурыздағы N 146

V990796_

бұйрығының және осы

Тәртіптің талаптарына сәйкес жүргізісін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі ішкі қызмет генерал-майоры Н.А.Власовқа және Қазақстан

Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.Т.Айдархановқа жүктелсін.

Қазақстан
Ішкі істер министрі

Республикасының Қазақстан
Денсаулық сақтау министрі

Республикасының

Келісілген:

Қазақстан Республикасы

Бас Прокурорының

міндетін атқарушы

2-дәрежелі мемлекеттікәділет кеңесшісі

2002 ж. 6 мамыр

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 ж. 1 маусым N 384
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
министрлігінің
2002 ж. 30 сәуір N 439
біріккен бұйрығымен
бекітілген

УАҚЫТША ҰСТАУ ИЗОЛЯТОРЛАРЫНДА ҚАМАУДА ҰСТАЛАТЫН СЕЗІКТІЛЕР МЕН АЙЫПТАЛУШЫЛАР АРАСЫНДА ТУБЕРКУЛЕЗДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АЙДАП АЛЫП ЖҮРУ ЖӨНІНДЕГІ ТӘРТІПТЕР

1. Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында қамауда ұсталатын сезіктілер мен айыпталушыларды медициналық тексерудің тәртібі

1. Қылмыс жасауда сезіктену бойынша ұсталғандарды күзетпен ұстауға арналған арнайы мекемелерге-уақытша ұстау изоляторларына (бұдан әрі - УҰИ) қамауға алынған қылмыс жасауда сезіктілер мен айыпталушыларды медициналық қамтамасыз ету міндеттерінің бірі туберкулезді алдын ала анықтау болып табылады.

2. УҰИ-ға қамауға алынған сезіктілер мен айыпталушылар медициналық тексеруден өту үшін карантинге бөлінген камераларға орналастырылады.

3. Медициналық қызметкер туберкулезді анықтау мақсатында УҰИ-ға қамауға алынған сезіктілер мен айыпталушылардың анамнестикалық деректерін жинақтауды жүргізеді.

4. Флюорографиялық тексерудің тәртібі уақытша ұстау изоляторы орналасқан жердегі денсаулық сақтау органдарының емдеу мекемелерімен келісіледі.

5. Медициналық тексерудің нәтижелері арнайы журналға (1 қосымша) және медициналық картаға жазылады.

6. Туберкулезге тексеру оң нәтиже берген жағдайда УҰИ-дың әкімшілігі сезіктіні және айыпталушыны тергеу изоляторына ауыстыру немесе бұлтартпау шарасын өзгерту туралы мәселені шешу үшін қылмыстық іс өндірісінде болатын органға немесе адамға хабарлайды. Және сезікті адамның қатысуымен өткізілетін тергеу әрекеттеріне оған қатысушылардың қауіпсіздігін қорғау мәселесі жөніндегі іс шаралары.

7. Анықталған туберкулезбен ауыратындар бөлек ұсталады, тергеу амалдарын жүргізу үшін сотқа айдап алып жүру, серуендеуге, кездесуге шығару кезінде профилактикалық мақсатта олар бетіне марлі таңулар киюге міндетті.

8. Шұғыл түрде стационарлық емдеуді талап ететін туберкулездің белсенді нысанының белгілері бар адамдарды УҰИ-да ұстауға рұқсат етілмейді.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторларында емдеуді ұйымдастыру

9. Сезіктілер мен айыпталушылар арасында оларды карантиндік ұстау кезеңінде туберкулезбен ауыратындар анықталған жағдайда УҰИ-дың фельдшері эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізеді, санитарлық-эпидемиологиялық

қызметтің аумақтық органдарына хабарлама жібереді, диагнозды медициналық картаға жазады, қадағалайды (2, 3 қосымша).

10. УҰИ-дың медициналық қызметкері туберкулезбен ауыратындарға фтизиатр-дәрігердің кеңес беруін белгілейді.

11. Белгіленген дәрі-дәрмектер сезіктілер мен айыпталушыларға қолдарына берілмейді. Дәріні ішу медициналық қызметкердің қатысуымен жүргізіледі.

12. Егер де фтизиатр-дәрігердің немесе жедел медициналық жәрдем дәрігерінің жасаған қорытындысы бойынша сезікті немесе айыпталушы стационарлық емдеуді қажет ететін болса, ол аумақтық денсаулық сақтау органдарының тиісті емдеу мекемесіне жіберіледі. Оларды күзету заңнамаға сәйкес ұйымдастырылады.

13. Туберкулезбен ауыратын адам тергеу изоляторына кеткен кезде немесе УҰИ-дан босатылғанда медициналық қызметкер тиісті мекемелерге хабарлауға міндетті.

14. Туберкулезбен ауыратындар ұсталған камераларды санитарлық тазарту мен дезинфекциялауды УҰИ-дың медициналық қызметкер жүргізеді. Ауруларды тасымалдайтын арнайы автокөлікті санитарлық тазарту мен дезинфекциялау ол бекітіліп берілген бөлімшелердің күшімен жүргізіледі.

Дәрігерге дейінгі шұғыл көмек Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларындағы ішкі тәртіп ережелерінің талаптарына сәйкес көрсетіледі.

3. Туберкулезбен ауыратын сезіктілерді, айыпталушыларды, сотталушылар мен сотталғандарды айдап алып жүрудің ерекшеліктері

15. Туберкулезбен ауыратын сезіктілерді, айыпталушыларды камералардан шығарудың, оларды айдап алып жүрудің барлық жағдайларында айдауылдарға және айдаудағыларға бетке байлайтын марлі таңулары беріледі. Тергеу әрекетіне қатысушыларға УҰИ-дың медициналық қызметкерлері ескерту жасау міндетті туберкулезден қалай сақтану жолдары жөнінде.

16. Айдаудағы сезіктілер мен айыпталушыларға ілеспе тізім жасалады, онда туберкулезбен ауыратындар көрсетіледі, аурулар 10 және одан да көп болған жағдайда олар жеке айдауылмен жөнелтіледі.

17. Туберкулезбен ауыратын сезіктілердің құжаттары мен айыпталушылардың жеке істері айдауыл бастығына жеке істер бойынша анықтамалар жапсырылған, "Туберкулезбен ауыратын" деген мөртаңба басылған, мөрленген пакеттерге салынып беріледі.

18. Арнайы автомобильдің фургонына туберкулезбен ауыратындарды орналастыру басқа сезіктілер мен айыпталушылардан бөлек, ең соңғы кезекте жүргізіледі.

19. Жаяу айдап алып жүру кезінде туберкулезбен ауыратындар колоннаның соңында жүреді.

20. Алмасу пункттерінде арнайы вагондарға отырғызу орындарына туберкулезбен ауыратын сотталғандар, сезіктілер мен айыпталушылар басқа сотталғандардан, сезіктілер мен айыпталушылардан бөлек айдап алып жүріледі және вагонның жеке камерасына орналастырылады.

21. Туберкулезбен ауыратындарды әуе, теңіз және өзен кемелеріне отырғызу жолаушылардың жалпы отыруына дейін, ал олардан шығару - тек қана барлық жолаушылардан кейін жүргізіледі. Олар кеменің жеке салонында орналастырылады.

22. Қылмыстық істі қарау үшін сотқа айдап жүру арқылы жеткізілген туберкулезбен ауыратын сотталушылар жеке камераға орналастырылады, ал сот залында марлі таңып отырады.

23. Жолда медициналық сипаттағы іс-шараларды жүргізу қажет болған жағдайда ауруға шұғыл медициналық жәрдем көрсетуге арналған қобдишасы бар медициналық қызметкер еріп жүруі тиіс. Ішкі істер органдары уақытша ұстау изоляторының, тергеу изоляторының әкімшілігі ауруды тасымалдауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды.

УҰИ-нда қамауда ұсталатын

сезіктілер мен айыпталушылар
арасында туберкулезді анықтау
және оларды айдап алып жүру
жөніндегі тәртіптеріне

1 қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі іс министрінің

2002 жылғы 1 маусымдағы
N 384 бұйрығымен бекітілген

N _____ медициналық тексеру картасы

(облыстағы ПББ-ПБ көрсетілген қамауда ұстау орнының атауы)

Т.А.Ә. _____

Жынысы _____ Туған жылы _____ Мекен-жайы _____

Келіп түскен кездегі шағымдары _____

Объективті тексеру деректері: Бойы: _____ Салмағы _____
АД _____ мм рт.ст.

Денесін тексерудің деректері (жарақаттанған тері жамылғысын сипаттау, тыртықтардың, жараның, инъекциядан қалған іздердің, наколкалардың және т.б. болуы) _____

Органдар мен жүйелерді тексерудің деректері (сүйек-бұлшық ет аппараты, жүрек, өкпе, ЖКТ, зәр-жыныс жүйесі)

Психоневрологиялық статус _____

Жіберу датасы:

1. рентген-флюорографиялық тексеру _____

Нәтижесі _____

2. ВИЧ-инфекцияға _____, нәтижесі _____

3. мерезге _____, нәтижесі _____

Басқа да лабораториялық тексерулердің нәтижелері _____

Тергеу изоляторына ауыстыру кезіндегі қорытынды тексерудің датасы мен деректері _____

Ескерту _____

(медкартаны толтырған медициналық қызметкердің Т.А.Ә., қолы)

УҰИ-нда қамауда ұсталатын

сезіктілер мен айыпталушылар арасында туберкулезді анықтау және оларды айдап алып жүру жөніндегі тәртіптеріне

2 қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің

2002 жылғы 1 маусымдағы
N 384 бұйрығымен бекітілген

Туберкулез кезінде жекелеген объектілерді дезинфекциялау

р/р Залалсыздан. Немен және қалайша
N дырылатын залалсыздандырылады
объект

1. Қақырығы бар 1. 0,5 атм. қысым күшімен жабық қазанда түкіргіштер залалсыздандырады - 30 мин.

2. 15 мин. бойы 2%-дық сода ерітіндісінде қайнатады.

3. 2 сағат хлораминнің 2,5%-дық белсенді ерітіндісі, ДТСГК-ның 1%-дық ерітіндісі құйылған, қақпағы бар ыдысқа салып қояды.

Қақырықты залалсыздандыру аяқталғаннан кейін оны әжетханаға төгеді,

ал залалсыздандырылған түкіргіш пен ыдысты қарапайым тәсілмен жуады.

2. Қақырық 1. Қақырықты ыдысқа жинайды және оған құрғақ күйде залалсыздандырушы заттардың бірін: хлорлы әкті (1 литрге 200 гр.); ДТСГК-ны (1 литрге 100 гр.); хлораминді (1 литрге 50 гр.); дихлорцианур қышқылының калий немесе натрий тұзын (1 литрге 50 гр.) қосады.

2. Міндетті түрде араластыра отырып, қақырықтың 1 көлеміне залалсыздандыру ерітіндісінің 2 көлемі есебінен құяды: хлораминнің 2,5%-дық белсенді ерітіндісін - экспозиция 2 сағат; дихлорцианур қышқылының калий немесе натрий тұзының 0,25%-дық ерітіндісін - 2 сағат.

3. 15 мин. бойы 2%-дық сода ерітіндісінде қайнатады.

3. Түкіргіштер 1. 15 мин. бойы 2%-дық сода ерітіндісінде қайнатады.

2. Мына ерітінділердің біріне: хлораминнің 1%-дық белсенді ерітіндісіне 1 сағат немесе ДТСГК-ның 1%-дық ерітіндісіне 2 сағат салып қояды.

4. Ыдыстар 1. 15 мин. бойы 2%-дық сода ерітіндісінде қайнатады.

2. Хлораминнің 0,5%-дық белсенді ерітіндісіне немесе ДТСГК-ның 0,4%-дық белсенді ашық түсті ерітіндісіне немесе хлорбетанафтолдың 0,5%-дық ерітіндісіне немесе бензилфенолдың 1%-дық ерітіндісіне 1 сағат салып қояды.

5. Тамақ 1. Қайнау сәтінен бастап 15 мин. қалдықтары жабық ыдыста қайнатады.

2. 20%-дық хлорлы-әкті сұйықтықты құйып, 2 сағат ұстайды.

6. Іш киім, 1. Қайнау сәтінен бастап 15 мин. жабық ыдыста төсек- қайнатады.

орын, 2. Мына ерітінділердің біріне салып қояды:

таңу хлораминнің 1%-дық ерітіндісіне 1-2 сағат бойы;
материал. хлорбетанафтолдың 0,5%-дық ерітіндісіне -
дары экспозиция 2 сағат.

7. Киім- Желдетеді және ыстық үтікпен үтіктейді.
кешектер Қақырық дақтарын хлораминнің 5%-дық ерітіндісін
мен төсек- қолдана отырып, тампондармен кетіреді.

орындар

8. Аурулар 1. Жуу үшін 2%-дық сабын-сода ерітіндісін
жататын пайдаланады.

үй-жай 2. Хлораминнің 0,25%-дық белсенді ерітіндісіне,
хлорбетанафтолдың 0,5%-дық ерітіндісіне
малынған шүберекпен сүртеді.

9. Қол Хлорлы әктің 10%-дық ашық түсті
жуғыштар, ерітіндісімен күн сайын тазартады; Тұз
писсуарлар, қышқылының 10%-дық ерітіндісімен және сумен
унитаздар ұдайы жуып отырады. Әжетханаларға арналған
тазарту инвентарларын басқа үй-жайларды
жинастыру үшін пайдалануға рұқсат етілмейді.

Жинастыру үшін пайдаланылатын шелектер
белгіленеді.

10. Кітаптар Кемінде 5 күнде 1 рет дымқыл шүберекпен
сүртіп отырады.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.